

№11 «Балапан» бөбекжай-балабақшасы

«Бекітемін»

Балабақша меңгерушісі:

 А.Еришова

Келісемін:

Балабақша әдіскері:

 А.Шуиншалиева

БЕС ТАС

вариативтік компонент

(мектеп жасына дейінгі балаларға арналған)

№9 «Қарлығаш» ортаңғы тобы

Тәрбиешілер: Бердіжарова Л
Махамбетова Ж.

2021-2022 оқу жылы

Түсіндірме жазба

Тәуелсіз еліміздің бәсекеге қабілетті саналы ұрпағын тәрбиелеуде мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың орны ерекше. Мектеп жасына дейінгі баланы жігерлікке, қайраттылыққа, батылдыққа тәрбиелеуде ұлттық ойындардағы қимыл әрекетінің маңызы зор. Ұлттық ойындар – ұлттық салт-дәстүрлер мен жалпыадамзаттық құндылықтарға, рухани-адамгершілікке, отан сүйгіштікке, салт-дәстүрлерді құрметтеуге тәрбиелейді. Балаларға ұлттық тәрбие беру, ұлттық ойындарды үйрету мақсатында «Бес тас» бағдарламасы әзірленді. Бағдарлама Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын басшылыққа алып әзірленген.

Бағдарламаның мақсаты: мектеп жасына дейінгі балалардың ойлауын, қол моторикасын, шапшаңдылығын ойын арқылы дамыту. Креативтілікті, сыни ойлауды және командада жұмыс істей білуге қалыптастыру.

Бағдарламаның міндеті:

- ойын арқылы баланың шығармашылық қабілетін дамыту;
- эмоционалдық көңіл-күйін және ерік-жігерін қалыптастыру;
- ұлттық ойын арқылы балаларды тәрбиелеу, оқыту, дамыту.

Күтілетін нәтиже:

- мектеп жасына дейінгі балалар ойын түрлерін біледі, тастарды белгілері бойынша танып, салыстыра алады;
- «Бес тас» ойыны шарттарымен танысады;
- ойын шартын өз беттерінше ұйымдастыра біледі;
- құрдастарымен өзара қарым-қатынаста болып, ойын шартын бұзбай ойнайды;
- «Бес тас» ойнау жолдарын үйренеді;
- атауы, түсі, айтылуы бойынша таныс заттарды топтастыра біледі;
- ойынның құрылымы бойынша негізгі математикалық түсініктерді (сан, пішін, көлем, бағыт) түсінеді;
- ұлттық ойын арқылы байланыстырып сөйлей алады, сөздік қоры молаяды;
- командада жұмыс істей алады;
- креативті, коммуникативті, сын тұрғысынан ойлайтын тұлға қалыптасады.

«Бес тас» бағдарламасының құрылымы түсіндірме жазбадан, тақырыптық жоспардан, тақырыптық сағат саны мен өткізілу уақыты, тақырыптық мазмұнан, күтілетін нәтижелерден, бағдарламаны іске асырудағы ресурстар мен талаптардан құралады. Бағдарлама мектеп жасына дейінгі 3-5 жас аралығындағы балаларға арналған. Бұл бағдарламаның іске асыру мерзімі ұйымдастырылған оқу қызметінен тыс күннің екінші жартысында өткізіледі. Бағдарлама 36 сағатқа жоспарланған.

«Бес тас» ойыны

«Бес тас» — өте көне дәуірден келе жатқан, қазақ халқының ұлт ойындарының бірі. Ол еңбек құралдары ағаш, тас, сүйек болып келетін ғасырларда пайда болған. Жасөспірімдерден бастап ересек адамдарға дейін ойнайтын ойын. Ойынға керекті зат бес асық немесе кішірек бес домалақ тас. Ойынды кімнің бірінші болып бастайтынын шешу үшін ойынға қатысушылар кезектесіп бес тасты алақандарына салады да, жоғары серпіп жіберіп, алақандарының сыртымен тосып алады да, қайта серпіп жіберіп, ендігі кезекте қолды серпе қақшып алады. Ең көп қағып алған ойыншы бірінші кезек алады да, қалғандары да сол ретпен кезекке тұрады.

Бұл ойынды қалай ойнайды:

- тасты лақтырып, қағып алып;

- 1-5-ке дейінгі сандарды тура және кері санайды;

- тез әрі жылдамдықпен ойнайды.

Бірінші жол: бес тасты уысына алады да, жоғары лақтырып, алақанымен қағып алады. Сонан соң оны екінші рет лақтырып, қолының сыртымен қағып алуы керек. Әр тас он ұпайдан есептеледі. Бес тас елу ұпай болады.

Екінші жол: Бес тасты жоғары лақтырады да, жоғарыдан төмен қарай қақшып, қағып алады. Мұнда да бір тас он ұпай деп белгіленеді. Бес тасты түгел қағып алса, елу ұпай алады.

Барлық тәсілдерді мүлтіксіз өткізген ойыншы өзіне жазылатын ұпайды екі жолмен белгілейді

Әр тәсілді орындаған кезде қойылатын шартты бұзған ойыншы кезегін келесі ойыншыға береді де, өзіне қайта кезек келгенше көрермен болып отырады. Қайта кезек алған кезде, қай тәсілден қателік жіберсе, сол тәсілден бастап ойнайды.

«Бес тас» бағдарламасының тапсырмалары:

- ойыншы бес тасты еденге шашырата тастайды да, ішінен бір тасты таңдап алады. Алған тасын жоғары серпіп жіберіп, жерден бір тасты іліп алып, лақтырған тасын қайта қағып үлгереді. Жерден алған тасын жанына қойып, сол тәсілмен, екінші, сонан соң үшінші, төртінші тастарды бір-бірілеп іліп алып отырады;

- бес тасты еденге шаша тастап ішінен өзіне қолайлы бір тасты алады да, жоғарыдағы тәсілмен жерде жатқан тастарды екі-екіден жиып алады;

- еденге бес тасты шаша тастайды да, ішінен біреуін алып, жоғары лақтырып, алдымен біреуін іліп алып, лақтырған тасын тосып алады, сонан соң жерде жатқан үш тасты сол тәсілмен бірден жиып алуы керек;

- бес тасты қолына алады да, біреуін жоғары серпіп жіберіп, қолындағы төрт тасты жерге қойып, жоғары серпіген тасын қағып алады. Сонан соң ол тасты жоғары қарай қайта лақтырып, жерге қойған төрт тасты жинап алып, жоғары лақтырған тасты қоса қағып алады;

- бес тасты уысына алып, бірін жоғары қарай серпіп жібереді де, тасты алақанына қыса ұстап, шынашағымен еденді үш, не бес рет (ойыншылардың алдын ала келісімі бойынша) сипап өтіп (жалап өтіп деп те айтады) лақтырған тасын қағып алады;

- төрт тасты бұрышқа (төрт) орналастырып (мөлшерін алдын ала келіседі), бір тасты жоғары серпе тастайды да, төрт тасты жедел теріп алып, лақтырған тасын қайта қағып үлгереді;

- бес тасты еденге шаша тастайды да, арасынан бір тасты алып, оны жоғары серпіп жібереді де, жердегі тастарды жиып алып, лақтырған тасын қайта қағып алады. Сонан соң оны сол қолына салады да, жоғары серпе лақтырып, жерге түсірмей, қайта қағып алады;

- тастарды еденге тастайды да, арасынан біреуін алып жоғары лақтыра отырып, жерде жатқан тастарды бір-бірілеп алақанына жинай береді. Осы тәсілмен жерден тасты (төрт) жиып алады;

- бірінші тәсілдегі қайталанады. Бірақ тастарды қағып алған кезде тастар бір-біріне тимеу керек;

- бірінші тәсіл қайталанады. Бірақ жерден іліп алған тасқа жоғарыдан қағып алған тас дәл тиюі керек;

- сол қолының бас бармағы мен (сұқ саусағымен ортан саусағының үстіне айкастыра ұстап) ортан қолын жерге тіреп тұрып, оң қолымен сол қолының астына әкеліп сыртынан асыра бес тасты алдыға қарай тастайды да, ішінен бір тасты «ата» деп белгілейді. Оны «Нәби» деп атайды. «Нәбиді» (атаны) белгілейтін отырған ойыншылар. Ол иілген қолдың астына өткізуге қиын бір тас болады.

Вариативтік компонентті ұйымдастыру кестесі

<i>Топтар</i>	<i>Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы</i>
Кіші топ	10-15 мин
Ортаңғы топ	15-20 мин
Ересек топ	20-25 мин
Мектепалды топ	25-30 мин

«Бес тас» вариативті компоненттің «өтпелі» тақырыптарының тізімі

Ай аттары	Тақырыптар	Апталық тақырыптар	Сағат саны
Қыркүйек	Балабақша	Бес таспен таныстыру, ойын ережесін балаларға түсіндіру	1
		Бес тасты жерге иіріп лақтыру	1
		«Бірлік» тасты көтеріп қағып алу	1
		«Бірлік» тасты көтеріп қағып алу	1
Қазан	Менің отбасым	«Екілік» екі тасты көтеріп қағып алу	1
		«Екілік» екі тасты көтеріп қағып алу	1
		«Екілік» екі тасты көтеріп қағып алу	1
		«Үштік» үш тасты жеке жеке қағып алу	1
Қараша	Дені саудың жаны сау	«Үштік» үш тасты жеке жеке қағып алу	1
		«Үштік» үш тасты жеке жеке қағып алу	1
		«Төрттік» Төрт тасты бірге топтап қағып Алу	1
		«Төрттік» Төрт тасты бірге топтап қағып Алу	1
Желтоқсан	Менің Қазақстан ым	«Жалақ»қақпа тасты жоғары лақтырып сұқ саусақты жерге бір рет жалатып үлгеру	1
		«Жалақ»қақпа тасты жоғары лақтырып сұқ саусақты жерге бір рет жалатып үлгеру	1
		«Қақпаға» тастарды жеке жеке кіргізу	1
		«Қақпаға» тастарды жеке жеке кіргізу	1
Қаңтар	Табиғат әлемі	«Қақпа». Орта саусақ пен сұқ саусақтың арасымен тастарды біртіндеп кіргізу	1
		«Қақпа». Орта саусақ пен сұқ саусақтың арасымен тастарды біртіндеп кіргізу	1
		«Қақпа». Орта саусақ пен сұқ саусақтың арасымен тастарды біртіндеп кіргізу	1
		«Құдық» тасты жеке жеке кіргізу	1
Ақпан	Бізді қоршаған Әлем	«Құдық» тасты жеке жеке кіргізу	1
		«Құдық» тасты жеке жеке кіргізу	1
		«Қазақ үй әр саусақ арасына тастарды жеке жеке кіргізу	1
		«Қазақ үй әр саусақ арасына тастарды жеке жеке кіргізу	1
Наурыз	Салттар мен фольклор	«Қазақ үй әр саусақ арасына тастарды жеке жеке кіргізу	1
		«Үлкен қайшы»	1
		«Үлкен қайшы»	1
		«Кіші қайшы»	1
Сәуір	Біз еңбекқор баламыз	«Кіші қайшы»	1
		«Кіші қайшы»	1
		«Қылыш»	1
		«Қылыш»	1
Мамыр	Әрқашан күн	«Орақ»	1
	сөнбесін	«Орақ»	1
«Алақан»		1	
«Алақан»		1	
Барлық сағат саны			36

Күнтізбелік жоспар

Ай	Тақырыбы	Мақсаты	Сағат саны
Қыркүйек	Бес таспен таныстыру, ойын ережесін балаларға түсіндіру	Бестас ойыны ертеден келе жатқан қазақ халқының ұлттық ойының бірі екенін балаларға түсіндіру; Бестас ойынына деген қызығушылығын дамыту; Бестас ойыны барысында ұйымшылдыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.	1
	Бес тасты иіріп жерге лақтыру	Балаларға бестасты жерге қалай шашуды үйрету	1
	«Бірлік» тасты жерге шашу	Балаларға бестасты жерге қалай шашуды үйрету. Әдептілікке, шапшандыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.	1
	«Бірлік» тасты жерге шашу	Балаларға бестасты жерге қалай шашуды үйрету. Әдептілікке, шапшандыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.	1
Қазан	«Екілік» екі тасты көтеріп қағып алу	Екі-екі тасты қалай қағып алу жолдарын үйрету. Балаларды, шыдамдылыққа, шапшандыққа тәрбиелеу.	1
	«Екілік» екі тасты көтеріп қағып алу	Екі-екі тасты қалай қағып алу жолдарын үйрету. Балаларды, шыдамдылыққа, шапшандыққа тәрбиелеу.	1
	«Екілік» екі тасты көтеріп қағып алу	Екі-екі тасты қалай қағып алу жолдарын үйрету. Балаларды, шыдамдылыққа, шапшандыққа тәрбиелеу.	1
	«Үштік» үш тасты жеке жеке қағып Алу	Балаларға үштікті қалай ойнау жолын үйрету. Сөз ойлау арқылы сөздік қорын, ойын арқылы ойлау қабілетін дамыту. Ептілікке, жылдамдыққа, батырлыққа тәрбиелеу.	1
Қараша	«Үштік» үш тасты жеке жеке қағып Алу	Балаларға үштікті қалай ойнау жолын үйрету. Сөз ойлау арқылы сөздік қорын, ойын арқылы ойлау қабілетін дамыту. Ептілікке, жылдамдыққа, батырлыққа тәрбиелеу.	1
	«Үштік» үш тасты жеке жеке қағып алу	Балаларға үштікті қалай ойнау жолын үйрету. Сөз ойлау арқылы сөздік қорын, ойын арқылы ойлау қабілетін дамыту. Ептілікке, жылдамдыққа, батырлыққа тәрбиелеу.	1
	«Төрттік» Төрт тасты бірге топтап	Төрттік ойынын қалай ойнау жолдарын түсіндіру, үйрету. Бестас ойынына деген	1

	қағып алу	қызығушылығын арттыру сөздік қорларын дамыту. Ептілікке, шапшандыққа тәрбиелеу.	
	«Төрттік» Төрт тасты бірге топтап қағып алу	Төрттік ойынын қалай ойнау жолдарын түсіндіру, үйрету. Бестас ойынына деген қызығушылығын арттыру сөздік қорларын дамыту. Ептілікке, шапшандыққа тәрбиелеу.	1
Желтоқсан	«Төрттік» Төрт тасты бірге топтап қағып алу	Төрттік ойынын қалай ойнау жолдарын түсіндіру, үйрету. Бестас ойынына деген қызығушылығын арттыру сөздік қорларын дамыту. Ептілікке, шапшандыққа тәрбиелеу.	1
	«Қақпаға» тастарды жеке жеке кіргізу	Балалар қақпаға тастарды бір біріне тигізбей кіргізуді үйрету. Логикалақ ойлау қабілетін дамыту. Мергенділікке тәрбиелеу. Балалар, біз бүгін сендермен бестас ойынның барысында «Қақпаға» тасты кіргізу жолдарымен танысамыз.	1
	«Қақпаға» тастарды жеке жеке кіргізу	Балалар қақпаға тастарды бір біріне тигізбей кіргізуді үйрету. Логикалақ ойлау қабілетін дамыту. Мергенділікке тәрбиелеу. Балалар, біз бүгін сендермен бестас ойынның барысында «Қақпаға» тасты кіргізу жолдарымен танысамыз.	1
	«Қақпаға» тастарды жеке жеке кіргізу	Балалар қақпаға тастарды бір біріне тигізбей кіргізуді үйрету. Логикалақ ойлау қабілетін дамыту. Мергенділікке тәрбиелеу. Балалар, біз бүгін сендермен бестас ойынның барысында «Қақпаға» тасты кіргізу жолдарымен танысамыз.	1
Қаңтар	«Қақпа». Орта саусақ пен сұқ саусақтың арасымен тастарды біртіндеп кіргізу	Орта қолмен сұқ саусақтың арасынан тастарды мұқият, ептілікпен қақпаға кіргізуді үйрету.	1
	«Қақпа». Орта саусақ пен сұқ саусақтың арасымен тастарды біртіндеп кіргізу	Орта қолмен сұқ саусақтың арасынан тастарды мұқият, ептілікпен қақпаға кіргізуді үйрету.	1
	«Қақпа». Орта саусақ пен сұқ саусақтың арасымен тастарды біртіндеп кіргізу	Орта қолмен сұқ саусақтың арасынан тастарды мұқият, ептілікпен қақпаға кіргізуді үйрету.	1
	«Құдық» тасты жеке жеке кіргізу	Өткен ұйымдастырылған оқу қызметін пысықтай отырып, құдыққа тасты қалай кіргізу керектігін балаларға	1

		түсіндіру.Шапшандыққа,ептілікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу.	
Ақпан	«Құдық» тасты жеке жеке кіргізу	Өткен ұйымдастырылған оқу қызметін пысықтай отырып,құдыққа тасты қалай кіргізу керектігін балаларға түсіндіру.Шапшандыққа,ептілікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу.	1
	«Құдық» тасты жеке жеке кіргізу	Өткен ұйымдастырылған оқу қызметін пысықтай отырып,құдыққа тасты қалай кіргізу керектігін балаларға түсіндіру.Шапшандыққа,ептілікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу.	1
	«Қазақ үй әр саусақ арасына тастарды жеке жеке Кіргізу	Балаларға саусақтар арасымен тастарды жеке жеке кіргізуді үйрету, ептілікке шапшандыққа тәрбиелеу. Балаларда байланыстырып сөйлеуді дамыту.	1
	«Қазақ үй әр саусақ арасына тастарды жеке жеке Кіргізу	Балаларға саусақтар арасымен тастарды жеке жеке кіргізуді үйрету, ептілікке шапшандыққа тәрбиелеу. Балаларды сөйлету арқылы тілдік қорын дамыту.	1
Наурыз	«Қазақ үй әр саусақ арасына тастарды жеке жеке Кіргізу	Балаларға саусақтар арасымен тастарды жеке жеке кіргізуді үйрету, ептілікке шапшандыққа тәрбиелеу. Балаларда байланыстырып сөйлеуді дамыту.	1
	«Үлкен қайшы»	Бестас ойының тереңдете отырып,сұқ саусақтармен тастарды жоғары лақтырып,алақан арасына жерге түсірмей жинауды үйрету. Балалардың сөздік қорын молайту, ептілікке, шыдамдылыққа, батырлыққа тәрбиелеу.	1
	«Үлкен қайшы»	Бестас ойының тереңдете отырып, сұқ саусақтармен тастарды жоғары лақтырып, алақан арасына жерге түсірмей жинауды үйрету. Балалардың сөздік қорын молайту, ептілікке, шыдамдылыққа, батырлыққа, тәрбиелеу.	1
	«Кіші қайшы»	Балаларға өткен оқу қызметін еске түсіріп «Үлкен қайшы» ойынын ойнау арқылы кіші қайшыны ойнау жолдарын балаларға көрсету. Ептілікке, шапшандыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. «Бес тас» ойынына деген қызығушылығын ояту.	1
Сәуір	«Кіші қайшы»	Балаларға өткен оқу қызметін еске түсіріп «Үлкен қайшы» ойынын ойнау арқылы кіші қайшыны ойнау жолдарын балаларға көрсету. Ептілікке, шапшандыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. «Бес тас» ойынына деген қызығушылығын ояту.	1
	«Кіші қайшы»	Балаларға өткен оқу қызметін еске түсіріп «Үлкен қайшы» ойынын ойнау арқылы кіші	1

		қайшыны ойнау жолдарын балаларға көрсету. Ептілікке, шапшандыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. «Бес тас» ойынына деген қызығушылығын ояту.	
	«Қылыш»	Балаларға бестас ойынын қызықтыра отырып «Қылышты» қалай ойнау жолдарын түсіндіру. Ептілікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Өткен оқу қызметін еске түсіре отырып қылышты үйрету.	1
	«Қылыш»	Балаларға бестас ойынын қызықтыра отырып «Қылышты» қалай ойнау жолдарын түсіндіру. Ептілікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Өткен оқу қызметін еске түсіре отырып қылышты үйрету.	1
Мамыр	«Орақ»	Балаларға бестас ойынын толық меңгерте отырып ұқыптылыққа, ойынды құрдастарымен бірге ойнауды үйрету. Ептілік, шапшандық, ойлау қабілетін дамыту. Енбекке адамгершілікке тәрбиелеу.	1
	«Орақ»	Балаларға бестас ойынын толық меңгерте отырып ұқыптылыққа, ойынды достарымен бірге ойнауды үйрету. Ептілік, шапшандық, ойлау қабілетін дамыту. Енбекке адамгершілікке тәрбиелеу.	1
	«Алақан»	«Бес тас» ойынын ойната отырып, ойлау қабілеттерін, қол моторикасын дамыту. Балаларды ептілікке, шапшандыққа тәрбиелеу.	1
	«Алақан»	«Бес тас» ойынын ойната отырып, ойлау қабілеттерін, қол моторикасын дамыту. Балаларды ептілікке, шапшандыққа тәрбиелеу.	1
Барлығы			36